



## Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

Тақырыбы: Мелиоративтік және агрохимиялық зерттеулер ауыл шаруашылығындағы жер ресурстарын тиімді пайдалану, өнімділікті арттыру және топырақтың құнарлылығын сақтаудың маңыздылығы.

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:  
«20» қазан 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын::  
Алматы облысы, Балқаш ауданы,  
Ақжар а.о., Ақжар ауылы., ШҚ «Gold Ile»

Эксперт: Мақсұт Пошанов М.Н.  
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ  
Топырақтану және агрохимия  
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы



Р.Х. Рамазанова  
қолы, М.О.

## Есептің құрылымы

1) *кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;*

Мелиоративтік және агрохимиялық зерттеулер ауыл шаруашылығындағы жер ресурстарын тиімді пайдалану, өнімділікті арттыру және топырақтың құнарлылығын сақтаудың маңыздылығы.

2) *қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;*

Өсімдіктердің қалыпты өсуі мен жоғары әрі тұрақты өнім беруі ең алдымен топырақтың құнарлылығына, оның физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерінің оңтайлы болуына тікелей байланысты. Дәл осы топырақ құнарлылығын ұдайы арттыру мен қолайлы деңгейде сақтау – егіншілікті тиімді жүргізудің негізгі шарты болып табылады.

Әлемдік және отандық тәжірибелер көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуы мен экологиялық тұрақтылығы өсімдік қоректенуінің ғылыми негізделген жүйесін ұйымдастыруға, яғни топырақтағы қоректік элементтер құрамын үздіксіз зерттеп, алынған мәліметтер негізінде тыңайтқыштарды дұрыс нормалау мен қолдануға тәуелді. Сол себепті топырақты химиялық талдау зертханаларының қызметі ерекше маңызға ие, себебі олар топырақтың, өсімдік тіндерінің және су көздерінің құрамындағы элементтерді анықтай отырып, нақты агрохимиялық қорытындылар мен ұсынымдар береді.

Зертханада органикалық заттар, жалпы азот, нитратты азот, жылжымалы фосфор, алмаспалы калий, кальций, магний, микроэлементтер мөлшері және топырақ ерітіндісінің рН көрсеткіші сияқты 30-дан астам көрсеткіштер анықталады.

Мұндай зерттеулер нәтижесінде топырақтағы тұздардың жиналу қарқыны, гумус қорының деңгейі, қоректік элементтердің жетіспеуі немесе артықтығы бағаланады, бұл өз кезегінде егіншілік жүйесінде мелиорациялық іс-шараларды дұрыс жоспарлауға, жердің ауыл шаруашылық айналымға тиімді тартылуына және өнімнің сапасы мен көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүргізілетін агрохимиялық картограммалар мен мониторинг нәтижелері топырақ құнарлылығының кеңістіктік және уақыттық өзгерістерін қадағалауға, тыңайтқыштарды дәл енгізу технологияларын енгізуге негіз болады. Яғни, топырақты жүйелі түрде химиялық талдау – ауыл шаруашылығы дақылдарының талаптарына сәйкес тыңайтқыш қолдану стратегиясын әзірлеуге және топырақтың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған ең тиімді құралдардың бірі болып саналады..

3) *өнім өндірісінің ұлғаюының/өнімділіктің жоғарылауының/өзіндік құнның төмендеуінің және т. б.сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;*

Топырақтың агрохимиялық қасиеттерін қалпына келтіру және тыңайтқыштарды дәл қолдану өнімділікті кемінде 15–30% дейін арттыруға, ал топырақтағы қоректік элементтердің тапшылығы айқын учаскелерде 35–

40% дейін өсіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тыңайтқыштарды ғылыми негізсіз артық қолданудың алдын алу есебінен шығындар азайып, өнімнің өзіндік құны орта есеппен 10–20% төмендейді. Топырақтың тұзданған немесе құнарсыз жерлерін мелиорациялау нәтижесінде ауыл шаруашылығы айналымына тартыла алатын жер көлемі артып, пайдаланылатын жер ресурстарының тиімділігі жоғарылайды (кей жағдайларда 5–15% қосымша өнім беретін жаңа алқаптардың шығуы мүмкін).

#### 4) Кеңес беруден фотосуреттер

